

**«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
МӘРТӨК АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ**

Мәртөк с.

№ 642 ММ

04.09. 2023 жыл

**Мектеп оқушыларын
тегін ыстық тамақпен
қамту туралы**

Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығының (ҚР Білім және ғылым министрінің 12.04.2023 №95 бұйрығымен өзгеріс еңгізілген) 10 қосымшасына сәйкес «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтануды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызметіне байланысты және Ақтөбе облысының әкімдігінің 04.09.2023 жылғы «Ақтөбе облысының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін мемлекеттік ұйымдарының 1-4 сынып оқушылары үшін тегін тамақтандыруды ұйымдастыру туралы» №230 қаулысы негізінде **Бұйырамын:**

1.2023 жылдың 4 қыркүйегінен бастап жоғарыда аталған мемлекеттік қызмет арқылы тегін тамақтануға қосылған оқушылар мектеп асханаларында тегін ыстық тамақпен қамтылсын.

2.Ақтөбе облысының әкімдігінің қаулысы негізінде облыстық бюджет есебінен ауданның мектептерінде 1-4 сынып оқушылары үшін тегін тамақтандыруды ұйымдастырылсын.

2.Мектеп директорларына:

2.1. «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтануды ұсыну» мемлекеттік қызметі сапалы және уақытылы көрсетілсін;

2.2.Мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен әлеуметтік педагогтары аталған мемлекеттік қызметті сай жүрзілуін қадағалау қатаң міндеттелсін;

2.3.Оқушыларды тамақтандыру облыстық білім басқармасымен бекітілген ас-мәзіріне сәйкес жүргізілсін;

2.4.Мектеп асханаларындағы тамақтандыру жұмысы санитарлық - гигиеналық талаптарға сай жүрзілуін қадағалау қатаң міндеттелсін;

2.5.Бракераждық және мониторингтік комиссиялардың жұмысы сапалы және уақытылы жүргізіліп отырсын.

3.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің сектор меңгерушісі Ш.Кубеноваға жүктелсін.

Бөлім басшысы:



Ш.Ашимов